

«Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ»

Казір әдістеме саласында әлемдік деңгейдегі озық, тиімді әдіс-тәсілдерді зерттеу, дамыту заман талабы.

Мемлекеттік тұлға қашықтан оқыту әдістемесі жайында елімізде алғаш рет сөз еткен тіл жанашыры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жамашева Жанар Рахматтуллақызы болды. 2005 жылы кандидаттық диссертациялық

жұмыстың тақырыбын аларда көп ойланыш, кредиттік білім жүйесінде жаңалығы мол, тың тақырыш болғандықтан қашықтан оқыту әдістемесіне қызығушылық танытты.

«Мемлекеттік тілде іс қазаздарын қашықтан оқыту әдістемесі» атты тақырыпта, жетекшілік жасайтын үстаз, тақырып бекітерде қылындыққа тап болды. Себебі, тақырып бұрын-соңды қарастырылмаган, шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын қараң, көп зерттеуді қажет ететін тақырыпты жазуда жетекші табуда оқай болмады. Жаңалықтың шет жагасын ғана түсінетін ғалым, жұмысқа басшылық жасай қоюы да екіталаі еді. «Білікті адам айтпайды - ақ жаңынды үғар» деп, Махмуд Қашқарі айтқандай, әдіскер - ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, академик Ф.Ш.Оразбаевын ізден барып, ақылласқанда, жаңалығы мол тақырып екендігін сезе отырыш, бағыт-бағдар беріп, жақсы қуаттады. Ғалымның аты ғалым, Жанардың осы жұмысына деген күштіліктерін сезген жетекші Оразбаева Фаузия Шәмшиқызы «Зерттеу жұмысы езінді де, мені де үятқа қалдырмайтындей болуга тиіс» деп ақыл берdi.

Әдістеме қызымы төбияттың білім мен іс-тәжірибелі сәйкестендіруді толық қажет ететін ғылым. Акпараттық жүйелер мамандығына Жанар «Мемлекеттік тілде іс қазаздарын жүргізу» пәннен сабак беріп, тәжірибе жүзінде алдымен іске асырып, зерттеп алды. Жұмыс қоргауда жаңалығы мол жұмыс ретінде танылып, алдын ала қоргауда әдіскерлердің назарын өзіне аударға білді.

Ж.Жамашева Абай атындағы Казақ Ұлттық Педагогикалық университетінде Казақ тілінің теориясы мен әдістемесі бағытында «ЖОО-да мемлекеттік тілде іс қазаздарды қашықтан оқытудың әдістемесі» атты кандидаттық диссертациясын 2008 жылы ойдағыдан қорғап шығады. Мұнан өзге де жетістіктері айтарлықтай. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Р.Жамашева 2006-2009 жылдар ара-лығында Абай атындағы Казақ Ұлттық Педагогикалық университетінде біліктілікті жоғарылату бөлімінде және облыстық басқармаларда «Мемлекеттік тілде іс қазаздарды қашықтан оқыту» атты семинарлар өткізді. 2009 жылы облыстық тіл басқармасы үйымдастырылған конкурста «Үздік оқытушы» атанды. 2012 жылы «ЖОО-да мемлекеттік тілде іс қазаздарды қашықтан жүргізу» атты электронды оқулығы баспа-дан жарық көрді.

Рана Арынбаева,
М.Әуезов атындағы
филология факультеті
Мемлекеттік тілді оқыту
кафедрасының аға
оқытушысы.